

**АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ (ИКАО)  
ДЕМЕУІМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯЛАРҒА  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОСЫЛУЫ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 13  
мамыр 1994 ж. N 506

Әлемдік әуе көлігі қатынауына Қазақстан Республикасын онан әрі біріктіру,  
сондай-ақ азаматтық авиация ұшуларының қауіпсіздігіне қатысты ережелер мен  
нормаларды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасын мына төмендегі халықаралық конвенцияларға қосу  
т у р а л ы :

Токио қаласында 1963 жылғы 14 қыркүйекте жасалған Әуе мекемелерінің бортында  
істелген қылмыстар мен басқа да актілер туралы конвенцияға;

Гаага қаласында 1970 жылғы 16 желтоқсанда жасалған Әуе кемелерін заңсыз алып  
кетумен күрес туралы конвенцияға;

Монреаль қаласында 1971 жылғы 23 қыркүйекте жасалған Азаматтық авиацияның  
қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенцияға;

Монреаль қаласында 1991 жылы 1 наурызда жасалған Пластикалық жарылыс  
заттарын оларды табу мақсатында таңбалау туралы конвенцияға;

Монреаль қаласында 1971 жылғы 23 қыркүйекте қабылданған Азаматтық  
авиацияның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерімен күрес туралы  
конвенцияны толықтыратын, Монреаль қаласында 1988 жылғы 24 ақпанда жасалған  
Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсетуші әуежайлардағы заңсыз зорлық  
актілерімен күрес туралы Хаттамаға қосу туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы  
істер министрлігі мен Көлік министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі аталған конвенциялардың  
депозитарийларына Қазақстан Республикасының аталған конвенцияларына  
қосылатыны туралы актілер жіберсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК